

**Қапалбек Б.С.**

*Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы, Қазақстан*

*E-mail: zhomart\_til@mail.ru*

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ОРЫНБОРДАҒЫ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ**

Қазақ әдебиеттану ғылымының, тіл білімінің атасы, қазақ ғылымының реформаторы Ахмет Байтұрсынұлы ағарту, білім беру ісін алдымен қазақ әліпбиін жасаудан бастайды. Оған орыс таңбаларын емес, араб таңбасын алады. Сан ғасырлық тарихы бар араб таңбасын басқа түркі халықтары да қолданып отырғандығын ескереді. Ұстаз 1914 жылы өзі шығарып отырған «Қазақ» газетіне «Бастауыш мектеп» деген мақала жазады. Онда «Бүгінгі қос бастауыш мектептің екеуі де көңілдегі мектептердің қатарынан табылмайтын мектептер. Біреуінде оқуға керек құрал жоқ, тәртіп жоқ, мөлшер жоқ, жоспар жоқ. Халық оқуды қажет қылғандықтан жаман да болса, жоғынан бары артық деумен жасалып отырған іс. Екіншісінде, яғни орыс тілді школдарда тәртіп те бар, құралдар да сай, мөлшер, жоспар бәрі де бар. Бірақ есесіне оның пайдасы аз. Олардың пайдасын азайтып отырған бір-ақ нәрсе – қазақты орыстандырамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб әрпін тастатып орыс әрпін алдырамыз дейді. Сондықтан әуелі балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да орыс әрпімен оқысын дейді. Сол үшін біреулері ана тілінде оқыған аты болу үшін қазақ тілінде орыс әрпі басылған кітаптардан бастап оқып, әрірек барған соң кілең орысшаға түспек керек дейді. Бұл еппен қайырмалаушылардың жолы. Біреулері еп-септі қойып, бірден орысша оқыту керек дейді. Өткен он төртінші июньде патша жарлығы бойынша шыққан правилада Россиядағы бөтен текті жұрттардың мектебінде бастапқы екі жыл ана тілінде оқылсын» деген [1]. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан кейін осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Бұл құрал алғаш рет 1912 жылы Орынборда жарық көреді. Автор «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын «Тарту» атты өлеңін оқулықтың беташары ретінде берген. Кітаптың әріп үйретер бірінші бетінің үстінгі оң жағына Құран сөзі: «Би исми-иллаһи-рахмани-рахим» орналастырылған. Әрі қарай қазақ әріптері төте жазу жолымен реттеліп беріледі де, әрбір харіптің тұсына таңбасы және сол таңбаның атауы жазылады. Және төменгі жағына оқытушыға түсінік, яғни, нұсқаулығы қатар ұсынылады. Ақаңның оқулыққа берген мәтіндері қазіргідей ұзын емес, қысқа әрі нұсқа оқушының ұғымына сай, түсінігіне лайық топтастырылған. Ақаңның жасаған әліпбиіне сол кездегі кейбір діншіл адамдар қарсы болды. Мәселен, Шаһзаман деген кісі Ақаңның шығарған әліпбиін сынап мақала жазады. Ақаң оған дәлелдер келтіріп жауап жазады [2].

Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ пайдаланылып тұрды. Ол «Әліппені» әр басылымында жетілдіріп, толықтырып отырған.

Бұдан біз Ақаңның әліппесінің өміршеңдігін көреміз. Әліппенің негізі әліпби. Ақаңның әліпбиі де өміршең болып тұр. Орыстың тіл зерттеуші ғалымдары төте жазудағы қазақ әліпбиін 1924, 1931-ші жылдары «Байтұрсуновская графика», «Байтұрсуновский алфавит» деп атап, түркі әліпбилері ішіндегі ғылыми жүйеленген ірі жетістік деп қабылдаған. Мәселен, профессор Е. Д. Поливанов өзінің «Основные формы графической революции в турецких письменностях СССР» [3] атты мақаласында А.Байтұрсынұлының араб графикасына енгізген реформасын «ғажап» деп бағалады. Мәскеуде 1931-ші жылы жарық көрген «Литературная энциклопедия» атты жинақтың 5-ші томына осы Ақаң реформалаған әліпбиі «Казахский (Байтұрсуновский алфавит)» енгізіліп, орыс ғалымдарының тарапынан жоғары бағаға ие болған.

Ақаңның Орынбордағы алғашқы кезеңі осы әліпби мен әліппе жазумен байланысты. Оған дейін оның өлеңдері "Қырық мысал" атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған. Байтұрсынұлының екінші кітабы — "Маса" (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. "Қазақ салты", "Қазақ, қалпы", "Досыма хат", "Жиған-терген", "Тілек батам", "Жауға түскен жан сөзі", "Бақ" және тағы басқа өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Ахмет Байтұрсынұлы халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруға зор үлес қосты. Қазақтың "Ер Сайын" [4] атты эпостық жырына алғы сөз бен түсініктемелер жазып, оны 1923 жылы Мәскеуде шығарды. Бұдан бөлек, қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйелеп, 1926 жылы "23 жоқтау" деген атпен жеке кітап етіп жариялады.

Ахмет Байтұрсынұлы - сан қырлы тұлға. "...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым", - дейді.

Қазіргі көп зерттеушілер Ахмет Байтұрсынұлына ағартушы деген баға береді. Біздің ойымызша бұл өте төмен қарапайым баға. Ұлт ұстазы анау керек, мынау

керек, оқу керек деп қана отырған жоқ. Ұлтымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаев айтқандай бәрін өзі жасап көріп ғылыми айналымға енгізіп берді: ««Иә, Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық дамудың талай жыл әбден тот басып қараусыз қалған, тіпті қараң қала жаздаған тегершігін бір өзі айналдырып көріп, мігірсіз қозғалысқа қосып берген, ертегінің ерлеріндей ерен тұлға. Туған халқының рухани жаңғыруының сырын тап ондай біліп, сол жолда қалтқысыз еңбек етіп, мәңгі ескірмейтін ағыл-тегіл мол үлес қоса алған қайраткер қазақ топырағында оған дейін де, онан кейін де болған емес» [5].

Ахметтің саяси жолы 33 жасында басталған еді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылған Қарқаралы петициясы авторларының бірі Ахмет Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлын қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Бұл Ақаңның Орынбордағы алғашқы кезеңі еді. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды. Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды.

Ресейдің қол астындағы түркі халықтары жаппай латынға көшкенде, оны қабылдау барысындағы жиын-жиналыстарда А.Байтұрсынұлы, М.Дулатовтардың араб таңбалы қазақтың ұлттық жазуын сақтап қалуға күш салғанын, татар оқымыстыларымен айтыстарда дәлелдеп шыққандарын білеміз, бірақ саясат тоқпағы күшті болып, ұлттық дербестік, ұлттық мәдениет сияқты киіз қазықтар жерге кіргенін де ұмытқанымыз жоқ. Түркі халықтардың жазуын латындандыру сияқты «қып-қызыл» саясатқа сүйенген күрестің салдарынан қазақтың араб таңбалы тұңғыш ұлттық жазуы тарих төрінен кетті.

«Қазақ» газетін шығарып тұрды. «Қазақ» деген атаумен қазақ газетін шығаруға ресми рұқсат Ахмет Байтұрсынұлына 1905 жылғы желтоқсанның 9-ы берілген. Ал апталық «Қазақ» газетінің алғашқы саны 1913 жылғы ақпанның 2-сінде жарық көрді де, 1915 жылдан аптасына екі рет шығатын болды. Газет қолдан қолға,

ауылдан ауылға өтіп, тозып жетіп жыртылғанша оқылды. Оны сол заманда Дала және Түркістан уалаяттарына немесе 9 облыс және 1 губернияға бөлінген (Қыр баласы. Қазақ. «Қазақ» газеті, 1913 жыл, № 8) Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі жұрт жаздырып алды. «Қазақ» газетін метрополияның Киевтен Қазанға, Санкт-Петербургтен Томскіге дейінгі университеттерінде білім қуып жүрген қазақ студенттері жаздырып оқығаны туралы деректер кездеседі. Аз уақыт ішінде «Қазақ» 5 миллионға жуық көшпенді халықтың көпшілігі білетін басылымға айналды. Алғаш жарық көрген күнінен бастап «Қазақ» газеті қазақ даласының қоғамдық-саяси және мәдени өміріне бес жылдан ұзақ жападан-жалғыз қызмет етті. Оған қоса өзінен бұрынғы басылымдардың бірі де жаңа газетпен не сапасы, не көтерген тақырыптарының сан-салалығы, не таралымы жағынан тең келе алмады.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оны таңбалайтын әріптер туралы пікірлерін ол 1912 жылдан бастап осы «Қазақ» газеттерінің беттерінде білдіре бастайды. 1912 жылғы 9-10 нөмірлерінде «Шаһзаман мырзаға» атты мақала жазып, онда қазақ дыбыстарын білдірмейтін кейбір араб таңбаларын қазақ алфавитіне енгізбеу керектігін, сөздің тұтас жіңішкелігін білдіру үшін оның алдына дәйекше дейтін таңба қою қажеттігін дәлелдейді [6].

Газетте сол кездері қазақ басында шешілмей жүрген басты мәселелердің бәрі жазылды. Жерді қазаққа бөлу мәселелері, жерді земствоға қарату мәселесі, қазақ кластарын ашу мен әліпбимен оқыту мәселесі, соттарда приясжныйлардың болуы, қазақтарды жер аударуды тоқтату мәселесі, орыс қарашекпенділерін қазақ жерінің шұрайлы жерлеріне қоныстандыруды тоқтату мәселесі деген сияқты өзекті мәселелерді көтеріп отырумен бірге, "қазақ қалай ел болады" деген тәрізді келешек қазақ мемлекеттігіне қатысты ойларға түрткі болған.

Ахаң: «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек», - деп мәселені айқындап қояды. Оқытқанда баланы ана тілі-қазақ тілінде оқыту керек деп санайды. Ал «орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек... Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе, орысша да білу қажет», - деп түйеді. Бұдан біз Ахаңның бала алдымен ана тілінде білім алып, ана тілінің ықпалымен азамат болып қалыптасуы қажеттігін көрсеткенін, соны ғылыми-педагогикалық, психологиялық тұрғыдан дұрыс деп тапқанын көреміз. Ол бұл пікірін басқа Ресейге бағынышты ұлттар пікірлерімен үндес екенін көрсетеді. Мәселен, Ахаң 1910 жылы бастауыш мектептер туралы Ресей Думасында талқыланғанда: «мектептерде оқу орыс тілінде оқылсын, жасынан балалар орыс тіліне үйреніп, Россияға қараған басқа тілді жұрттар өз тілдерін ұмытып, орыс тіліне ауып, орыспен бірігіп, сіңісуіне жақсы деген. Сонда, жоқ, олай емес, әр халық бастауыш мектепте өзінің ана тілін оқуы тиіс», - деп басқа жұрттар, әсіресе, татарлар Думаның нәсілдік-шовинистік әрекетіне наразылық білдіріп, қарсы болғанын құптай отырып, сондай әрекет қазақ тарапынан да істеліп жатқанын жөнді көреді [7].

«Қазақ» газетінде көтерілетін мәселерді орыс шенеуліктеріне жеткізетін арыздар да жазылып жатты. Біріншісі Ішкі істер министріне 1914 жылдың 30 тамызында жазылған. Екіншісі Орынбор губернаторына бағытталған. Екі арыздың

мезгілдік арасы – үш күн. Жалпы, Орынбор губернаторына жазылған түпнұсқалық арыздың мазмұнына қарағанда, арызданушылар аталған лауазымдардан бөлек тағы екі мекемеге – юстицияға, жер ісі және орналастыру министрлігіне арыз жолдаған. Шағымданушылар - Қали Нұрымов, Досым Жүсіпов, Ерғали Балтабаев, Сағындық Бірманов, Жакен Сатыбалдин, Өтеген Сырымов. Мақсаты – «Қазақ» газетінің редакторы А.Байтұрсынұлы мен оның хатшысы М.Дулатұлының бүлікшілік әрекеттері мен сыбайластарын әшкерелеу, ал талаптары – «Қазақ» газетін жабу, «бүлікшілерді» Орынбордан қуып шығару. Шағымның кіріспесі Орынбор қаласында «Қазақ» атты газет шығатынын, оларды шығарушылар әлдеқандай бір ісімен назарға ілініп, Семей губернаторының өкімімен түрмеге жабылып, полиция бақылауында болатын әкімшілік жаза кесіліп, сыртқа қуылған «сенімсіз, таңбалы кісілердің» (порочность) - А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлының газет шығарып жатқандығын баяндауға құрылған. Сол «сенімсіз кісілердің» газет шығару ісіне қалайша рұқсат алғанына таңданыс білдірген жолдарға ұласады және оның себебін Торғай облыстық басқармасында түрлі лауазымдық қызмет атқарып жүрген тілектес әрі серіктес кісілердің көмегі арқылы жүзеге асқан деп түсіндіреді. «Қазақ» газетін шығарушылардың әрекеттерін бүркемелеп жүрген тілектес кісілердің қатарында мұсылмандық басылымдардың цензоры, Торғай облыстық басқармасының аудармашысы М.Тұнғаншин, Орынбор округтік сотының хатшысы С.Қадырбаевтармен бірге сол соттың аудармашысы Балғымбаев, Орал облысы Темір уезінің Шарулар жетекшілері жиынының (съезінің) басшысы Б.Есмахановтардың (Исмаханов) аты аталады. Олар газетті ашуға және оның тұрақты оқырмандары қатарын қызметтік-лауазымдық ықпалымен қалыптастырған. Облыстық басқарамада қызмет жасай жүріп «Қазақ» газетін бүркемелеп жүрген қазақ шенуніктердің шеңберін айқындағаннан шағымданушылар А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлының «бүлікшілдік» идеяларын санамалап шығады. Оны олар мазмұндық сипатына қарай төрт топқа бөледі: жерге орналастыру, сыбайластық, отаршылдық, Ресей-герман соғысы мәселелері [8].

Жергілікті үкімет "Қазақ" газетінде жазылған осындай мәселелерді "сепаратистік" деп 1914 жылы газеттің бас редакторы А.Байтұрсыновты тұтқындаған. Шамалыдан кейін елдің жинаған көмегімен А.Байтұрсынов 3000 сом (ол кезде бұл өте көп ақша) төлеп түрмеден босаған. Бұл орыс патшалығы (дұрысы отаршылығы) тұсындағы Ахмет Байтұрсыновтың тағы бір рет түрмеде отыруы еді.

Ақаңның өмірінің Орынбор кезеңі күреске толы болды. Оның жасаған әліпбиіне діншіл қазақтар қарсы болды. Жазған оқу құралдарына өзге түркінің оқымыстылары қарсы болды. Губернатор оның шығарып отырған газетіне бақылау қойды, соттады, айыппұл салды. Жаңағы айтылған жоғары білімді қазақ оқымыстылары қызғаныштан оны Орынбордан қудырмақ болды. Қазақ газетін жаптырмақ болды.

Ақаң осының бәрін жеңіп, барлық жерде тек жеңіс тұғырынан көрінеді. Себебі, оның жолы оның мақсаты айтқын еді.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байтұрсынұлы А. Бастауыш мектеп. – Орынбор: «Қазақ» газеті, 1914. - №62 (17 май)
2. Байтұрсынов А. Оқу құралы. – Орынбор, 1912.
3. Поливанов Е. Д. Основные формы графической революции в турецких письменностях СССР // Там же, кн. 23—24. — 1928. — С. 314—330.
4. Байтұрсынұлы А. Ер Сайын. – Мәскеу, 1923.
5. Кекілбайұлы Ә. Ұстаз ұлағаты. (А.Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары). 81-103 бет // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы (қазақ, орыс, ағылшын т.б. тілдерде). – Алматы: Ғылым, 1999.
6. Дербісәлиев Ә. «Қазақ даласының жұлдыздары». Алматы, 1995ж.
7. М.Әуезов Ақаңның елу жылдық тойы // Байтұрсынов А.Ақ жол.-Алматы: Жалын, 1991.
8. Алмасбек Әбсадық. Ахмет пен Міржақыптың үстінен домалақ арыз жазған кімдер? Сілтеме: <https://abai.kz/post/135310> [22.06.2021]